

Қосшы қаласы Рақымжан Қошқарбай атындағы №1 ЖОББМ

Іске асыру тетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар жоспарының

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

Білім күні «Мектебім – мейірім мекені!» салтанатты іс-шара линейка өткізілді.

#Bilim_quni хэштегі бойынша сайтқа ақпараттар жарияланды.

«Менің Отаным- Қазақстан» атты тақырыбында, Р. Қошқарбай атындағы №1 ЖОББМ мекемесінде 1-сынып балалардың алғаш қадамын аттап денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру және алдын алу шараларын жүйелі түрде ұйымдастыру басты назарда болды.

Жылы құшағымызды ашып, өмірлеріндегі жаңа кезеңге қадам басқан жас жеткіншектерді қошеметпен қарсы алдық.

“1 А” сыныбы, сынып жетекшісі: Аюпова Анар Мұхамеджановна

“1 Ә” сыныбы, сынып жетекшісі: Инербаева Марал Жылқыайдаровна

“1 Б” сыныбы, сынып жетекшісі: Альжанова Зоя Какеновна

“1 Г” сыныбы, сынып жетекшісі: Жусупова Дильназ Жанатқызы оқушылығын қарсы алдық.

Мемлекеттік Әнұранның орындалуы:

Барлық қатысушылар мемлекеттік Әнұранды орындап, салтанатты түрде іс-шара басталды.

Мектебіміздің директоры: Г.К.Байжанова құттықтауы болды. Мектеп директоры құттықтау сөз сөйлеп, жаңа оқу жылында табыс тіледі.

Мектемімізге қалалық хатшы “Аманат” партиясының Сейдахметов Рахымжан Ешкембаевич құттықтау сөз сөйледі.

Мектебіміздің музыка пәнінің мұғалімі Құрмания Нұрбол, 5-сынып оқушылары Сержан Мадина, Сейл Венера “Алғашқы қоңырау” әнін орындады. фото, видеолар инстаграмдарға салынды.

Алғашқы қадам басқан 1-сынып оқушылығы тақпақтары ерекше әсер қалдырды.

1-сынып оқушылары «Алғашқы қоңырау» соғып, жаңа оқу жылының басталғанын білдірді.

Іс-шара жоғары деңгейде өтті. Оқушылар мен ата-аналар мерекелік көңіл-күйде болды. Мектеп ұжымы жаңа оқу жылын ұйымшылдықпен, жақсы бастамамен бастады. Оқушылар білімге құштарлықпен, шабытпен оралды.

«Тіл – достық кілті» онкүндігі бойынша

Мемлекеттік тілдің қоғамдағы мәртебесін арттыру, оқушыларға тіл байлығын кадрлеуді үйретті.

2-сыныптар – «Тіл мерейі – ел мерейі» сынып сағаты өтті.

3-сыныптар – «Сөз мәйегі – мақал» сайысын өткізді.


5-сыныптар – «Қазақстан – көпұлтты, көп тілді ел» танымдық кеші өтті.

6-сыныптар – «Абай оқулары» және «Ыбырай әңгімелері»

Ұлы ойшылдардың шығармашылығын дәріптеу, оқушылардың көркем әдебиетке қызығушылығын арттырды.

Абайдың өлеңдері мен қара сөздері жатқа айтылып, Ыбырайдың әңгімелері сахналанды.

Оқушылар әдеби тілде сөйлеуге, рухани байлықты сіңіруге үйренді.



7-сыныптар – «Мемлекеттік тіл – менің тілім» эссе жазу байқауы өтті.



9-сыныптар – «Тілдер сөйлейді» танымдық кеші болып, 11-сыныптар – «Көп тіл білу – кемел білім» пікірталасы өтті.

Он күндік барысында 2–11 сынып оқушылары қамтылып, әр деңгейде мазмұнды іс-шаралар өтті. Іс-шаралардың барлығы оқушылардың қызығушылығын оятып, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге бағытталды. Сонымен бірге үштілділік

қағидасы да назардан тыс қалмай, оқушылар қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде еркін сөйлеп, өзара жарысты.

Мектебімізде «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» атты челендж ұйымдастырылды. Челендж барысында ата-аналар мен оқушылар отбасы өмірінен әсерлі сәттерді бейнеролик, сурет немесе жазбаша форматта бөлісіп, отбасылық құндылықтарды насихаттады.

Қатысушылар өз отбасы мүшелерімен бірге үйде атқарылатын ортақ істерді, мерекелік сәттерді және жақсы дәстүрлерді көрсетті. Шара барысында әр отбасы өз шығармашылығын, ұйымшылдығын, мейірімді қарым-қатынасын танытты.

Челендж жоғары деңгейде өтті. Қатысушылар белсенділік танытып, өз отбасыларының бірлігі мен сүйіспеншілігін көрсетті. Мұндай іс-шаралар ата-ана мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, жас ұрпақтың бойында отбасылық құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етеді.


“Ұстазға алғыс” атты ұстаздар күні

Апталық жоспары құрылды (29-қыркүйек – 03-қазан):

Апта бойы түрлі тәрбиелік, мәдени және шығармашылық шаралар ұйымдастырылды. Оқушылар мен ата-аналар белсенді түрде қатысты.

“Ұстаздар әлемі” бейне роликтер

“Әлемнің үздік педагогтерінің дәйексөздері”



“Ұстазға деген шексіз құрмет.” Ұстаздармен кездесу



**Менің алғашқы ұстазым” Эссе 8-сыныптар арасында жазылды
Садық Хамза 8 “Ә” сыныбында жазды.**

Әр адамның жүрегінде мәңгі сақталатын, ұмытылмас тұлғалар болады.

“Рахмет, айту ағашы” Мектеп дәлізінде “Ұстазға алғыс” тақырыбында құттықтау бұрышы жасақталып, оқушылардың жазған өлеңдері мен хаттары ілінді.



“Ұстаз еңбегі-ел ертеңі” Мұғалімдерге арналған музыкалық-құттықтау өтті.



Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, ұстаздарға деген оқушылар мен ата-аналардың құрметі ерекше байқалды. Мұғалімдер қауымы тарапынан ризашылық пен алғыс білдірілді. Оқушылар шығармашылық қабілеттерін танытып, мерекеге өз үлестерін қосты.

Алғыс айту күні – білім беру ұйымдарында оқушыларды адамгершілікке, сыйластыққа, үлкенді құрметтеуге және кішіге қамқор болуға тәрбиелейтін маңызды мереке.


Мектебімізде 1 наурыз – Алғыс айту күніне орай түрлі тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Атап айтқанда: сынып сағаттары, алғыс хаттар жазу, «Алғыс жүректен» акциясы, мерекелік жиындар мен кездесулер өткізілді. Оқушылар ұстаздарға, ата-аналарға, достарына және мектеп қызметкерлеріне ризашылықтарын білдірді.

«Даналық мектебі» клубтары арасындағы эссе байқауы

Мектепішілік эссе байқауы

Байқау барысында қатысушылар «Ел болашағы – тәуелсіз ұрпақ қолында» тақырыбына эссе жазып, өз ойларын сауатты және дәлелді жеткізді. Жұмыстар мазмұнының тереңдігі, тақырыпқа сәйкестігі, тіл тазалығы мен шығармашылық көзқарасы бойынша бағаланды.

Байқау нәтижесінде оқушылардың жазбаша сөйлеу мәдениеті мен шығармашылық қабілеттері артты. Тәуелсіз елге деген патриоттық көзқарасы қалыптасып, үздік жұмыстар анықталып, қатысушылар марапатталды.



Дебат турнирінің анықтамасы

Іс-шара атауы:

«Егемендік – елдің баға жетпес игілігі» тақырыбындағы дебат турнирі өтті.

Қатысушылар:

7–8 сынып оқушылары

Оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамыту, Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтарын терең түсіндіру, азаматтық көзқарас пен патриоттық сезімді қалыптастыру, пікір айту мәдениетін жетілдіру болды.

Турнир нәтижесінде оқушылардың сөйлеу мәдениеті, сыни ойлау және дәлелдеу қабілеттері дамыды. Тәуелсіз елдің құндылықтарын түсіну деңгейі артып, азаматтық-патриоттық көзқарас қалыптасты. Белсенді қатысқан оқушылар марапатталды.



«Өнерлі ұстаз – ұрпаққа мұра» атты композитор, мәдениет саласының үздігі, шығармашыл ұстаз Айсұлу Таниқызымен кездесу болды.

2026 жылдың 19 ақпан күні мектебімізде «Өнерлі ұстаз – ұрпаққа мұра» тақырыбында композитор, шығармашыл ұстаз Айсұлу Таниқызымен кездесу кеші ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, шәкірт тәрбиелеудегі ұстаздық ұстанымымен бөлісті.



2025-2026 оқу жылының басында мектептің ата-аналар комитеті болып Маханова Әсел Құнанбайқызы тағайындалды.



Жоспарға сәйкес ата-аналармен көптеген іс-шаралар өтілді. Атап айтқанда 17 қазан күні оқушылар мен ата-аналардың ұйымдастыруымен “Берекелі жәрмеңке-мейірімді мектеп” атты қайырымдылық жәрмеңкесі болып өтті. Жәрмеңкеден 357000 қаражат жиналды.





Жәрмеңкеден түскен қаржыға жағдайы төмен отбасыларға азық-түлік апарылды, мектеп құралдары, киімдер алынды.



18 қазан күні Аналар арасында волейболдан жарыс өтті.



22 қазан күні “Мейірімді жүрек” атты Дүниежүзілік Қамқоршылар күніне арналған іс-шараға қатысып, жетімдерді өз қамқорлығына алып отқан отбасыларға мектептің ата-аналарының атынан сыйлықтар берілді.





3 қараша күні мұғалімдер мен аналар арасында ұйымдастырылған волейболдан жарыста “Аналар” командасы жүлделі орын иеленді.



18 желтоқсан күні “Зере” аналар клубының ұйымдастыруымен “Бұрымды қыз-берекелі ұрпақтың негізі” атты дөңгелек үстел болып өтті. Мектебіміздегі 43 бұрымды қыздар қатысып, сұрақтарға жауап беріп, алғыс хатпен марапатталды. Елеукен Төкеновна мен мектептің белсенді аналарының атынан әр қатысушы қыздарға шашбау сыйланды.



27-қаңтар күні мектепішілік мұғалімдер мен аналар арасында волейболдан жарыс болып өтті. Аналар командасы 2-ші орын иеленді.



7 ақпан күні Қосшы мектептерінің аналарының арасында ұйымдастырылған волейбол жарысына мектебіміздің белсенді аналары қатысты.





8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай Қосшы қаласының белсенді аналары, соның ішінде мектебіміздің де белсенді аналары қала әкімінің марапатымен марапатталды.



20 наурызда “Наурыз көже FEST” наурыз көже дайындаудан сайыста мектебіміздің белсенді аналары Саңбаева Әсел мен Кукай Еркегүл қатысып, жүлделі 2-ші орынды иемденді.



15 сәуір күні “Зере” аналар клубының ұйымдастыруымен “Атадан-өсиет, анадан-қасиет” атты іс-шара болып өтті. Асыл әжелеріміз бастаңғы дәстүрін көрсетсе, аналарымыз қыздарымен ұршық иірді. Іс-шара соңында барлық қатысушылар алғыс хатпен марапатталды.





12 мамыр күні “Әке, ана және мен-спорттық отбасы” атты отбасылық сайыста мектебіміздің белсенді ата-аналары қатысып жүлделі 2-ші орынды иеленді.



2025–2026 оқу жылының жоспарына сәйкес мектебіміздің барлық сынып жетекшілері жоспарға сәйкес тәрбиелік іс-шаралар мен сынып сағаттарын мазмұнды әрі сапалы өткізді.

1–4 сыныптар аралығы:

Бастауыш буын сынып жетекшілері оқушылардың мектеп өміріне бейімделуін, әдептілік пен мейірімділік дағдыларын қалыптастыруды басты мақсат етті. “Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында тәрбиелік мәні зор іс-шаралар өтті.






Мектеп сынып жетекшілері әр сабағын қызықты ойындармен түрлендіріп, мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер арқылы оқушыларды ізгілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиеледі.

5–7 сыныптар аралығы:

Орта буын сынып жетекшілері оқушылардың ұжымдық мәдениетін, өзара қарым-қатынас пен жауапкершілік сезімін дамытуға басымдық берді.



8–11 сыныптар аралығы:





Дәйексөздермен жұмыс жасау, ой қозғау, тренингтер мен ойындар қолдану арқылы оқушылардың бойында ізгілік, ұйымшылдық және жауапкершілік қасиеттері қалыптасты. Жалпы, өткізілген іс-шаралар мектептегі тәрбиелік жұмыстың сапасын арттырып, оқушылардың жеке тұлғалық дамуына оң ықпал етті. Тәрбие сағаттарының фотоматериалдары есепке тіркелді.

Үйірмелердің жүргізілу есебі

Мектепте оқушылардың қызығушылығын арттыру және бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында түрлі үйірмелер жұмыс жасады. Атап айтқанда, футбол, үстел теннисі, асық ату, волейбол, баскетбол, «Жас сарбаз», хор, дебат және ағылшын тілі үйірмелері тұрақты түрде өткізілді. Үйірмелерге оқушылар белсенді қатысып, өз қабілеттерін дамытып, түрлі жарыстар мен іс-шараларда жақсы нәтижелер көрсетті..

«Жас сарбаз» әскери патриоттық үйірмесі

2025-2026 оқу жылы қыркүйек қазан айларында мектебімізде «Жас сарбаз» әскери патриоттық үйірмесі бекітілген жоспарға сай жұмыстарын жүргізді. Үйірме мүшелері жылдық жоспармен танысып, «Адал азамат» бітұтас тәрбие бағдарламасы жоспарға енгізілді.

Үйірмелердің басты мақсаты Отан сүйгіш жас ұрпақты қалыптастыру. Үйірме мүшелерінің алғашқы жиынында ұйымның жұмыс жоспары, бағыт бағдарлары белгіленіп мақсаттар айқындалды. Басты мақсаттардың бірі Өз отанының патриоты, адал азаматы бола білу. Алдағы мақсаттардың бірі әскери қаруларды меңгеру және саптық дайындық. Сонымен қатар мектеп атынан қалалық жарыстарға қатысып мектеп намысын қорғап, жақсы жетістіктерге жету болды. Жетістіктер үшін бастапқы шарт жаттығу жаттығу және жаттығу. Мектепшілік іс шараларға да Жас сарбаз мүшелері белсене қатыса



Үйірме мүшелері Қосшы қаласы №3 мектеп лицейінде өткен «Әскерилендірілген кросс» қалалық жарыста.

Жарыста Төлеубек Әліби ең үздік нәтиже көрсеткені үшін марапатталды.



18 ші қараша күні қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен кезекті «Мерген ару 2025» жарысында үйірмеге қатысушы төрт қыз ең үздік нәтижелер көрсетіп, облыстық кезеңге жолдама алды.



Қараша айының 25-27 аралығында Көкшетау қаласында өткен «Мерген ару 2025» облыстық жарысы



Қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен Тайтөбе ауылдық орта мектебінде өткен «Айбын 2025» әскери спорттық сайысында үйірме мүшелері жүлделі 1-ші орынды иеленді.

Щучинск қаласы 09-12. желтоқсан аралығында Шоқан Уалиханов атындағы әскери колледжде өткен «Айбын 2025» облыстық жарысы



Жарыста үйірме қатысушысы Қабылқан Заңғар АК-74 автоматын бөлшектеу және жинақтаудан облыстық қатысушылар арасында ең үздік нәтиже көрсетті.
 13.01.2026 Қалалық «Қалқан-2026» әскери спорттық жарысында **3-орын**
 30.01.2026 Қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Мерген-2026» жарысында Р. Қошқарбаев атындағы №1 орта мектеп командасы **2-ші орынды** жеңіп алды.

13.02.2025 Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылуына 37 жыл .Қалалық іс шара.



26.02.2026 Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінен қалалық Олимпиада нәтижесі бойынша Адаспаева Аяна 10 А сыныбы **2-ші орын**.
 Ермұханбет Меруерт 11 А сыныбы **2-ші орын**.
 17.04.2026. «Жас ұлан-2026» Қалалық мектепаралық жарысында **2-ші орын**.



30.04.2026 «Рейхстагқа жеңіс туын тіккен күн» Р. Қошқарбаев ескерткішіне гүл шоқтарын қойып батырды еске алу іс шарасы.



05.05.2026 Қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен «Алау-2026» әскери спорттық мектепаралық жарыста **2-орын**



9-мамыр Ұлы Жеңіс мерекесімен соғыс ардагерін құттықтау.



Үйірме мүшелері келесі оқу жылында болатын әскери патриоттық жарыстар мен іс шараларға жоспар құрып қызу дайындықты жалғастырады.







Футбол үйірмесі барлық техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, жүргізіледі. Жаттығу кезінде допты аяқтың ұшымен, қырымен, жанымен пас беру арқылы ойын тәртібі сақталады.





« Жастар- 2025 » бағдарламасының аясында қала мектептер арасында «Футбол» 9-11 сынып оқушылары арасында «Былғары доп» ойынның қалалық жарысын ұйымдастырылды.

19 – қыркүйек күні «Мектеп - Гимназия» КММ аумағының спорт алаңында өткізілді.

Соңғы футбол ережесі бойынша өткізілді, екі топқа бөліп 8- мектеп қатысып кездесулер өткізді.

Жақсы тартысты ойын болды, оқушылар ойында өздерінің барын салып ойындарын көрсетті. Орын алған командаларға білім бөлімінен мақтау қағаздармен және медальдармен марапатталды.

Біздің мектеп оқушылары 4 - орынға ие болды.

Молдыбаев Адиль 11- сынып оқушысы «Үздік қорғаушы» номинациясымен марапатталды.



« Жастар- 2025 » облыстық оқушылардың ХХІХ- спартакиадасының

бағдарламасына сәйкес, қала мектептерінің 5-6 сынып оқушылар арасында «


Футбол » жарысын ұйымдастырылды.

23 – қыркүйек күні « Мектеп - Гимназия » КММ аумағының спорт алаңында өткізілді.

Ойынға 8 - команда қатысып екі топқа бөліп бір бірімен кездесу өткізді.

Футбол жарысы өте қызықты болды біздің оқушылар жетінші орынға ие болды.

Жарыс жеңімпаздарына білім басқармасы грамота мен медальдармен марапатталды



« Жастар- 2025 » облыстық оқушылардың XXIX- спартакиадасының бағдарламасына сәйкес, қала мектептерінің 9-11 сынып оқушылар арасында « Футзал » жарысы ұйымдастырылды. Жарыс 12- желтоқсан күні 2025 жылы «Мектеп лицей» КММ аумағының спорт залында өткізілді. Ойынға 8- команда қатысты, ойын қызықты ереже бойынша болды. Біздің мектептің оқушылары жақсы ойын көрсетті, бірақ оқушыларға шыдамдылық төзімділік аздау болды. Қорытынды бойынша біздің команда 5- орынға ие болды.





«Жастар- 2026» облыстық оқушылардың ХХІХ- спартакиадасының бағдарламасына сәйкес, қала мектептерінің 7-8 сынып оқушылар арасында « Футбол » жарысын ұйымдастырылды. Қосшы қаласы бойынша 13 – сәуір күні « Мектеп - Гимназия » КММ аумағының спорт алаңында өткізілді. Ойынға 8 - команда қатысып екі топқа бөліп бір бірімен кездесу өткізді. Екі топтан жеңіп шыққан төрт команда 1/4 топта ойнап жеңгені ақтық сында ойын ойнады. Есеп бойынша Қосшы №1 командасы төртінші орынға иеленді.





Үйірме бойынша тақырып: **Алаң сыртынан допты ойынға қосу.**

Сабақтың мақсаты: Оқушыларға алаң сыртынан допты дұрыс ойынға қосуды үйрету.

Қолдың, аяқтың қимыл үйлесімділігін үйрету.

Топпен жұмыс жасауға және ережені сақтауға тәрбиелеу.







Тоғыз құмалақ үйірмесіне деген оқушылардың қызығушылығы жоғары. Тоғыз құмалақ үйірмесін дамыту мақсатында 9-11 сынып арасында мектепшілік жарыс ұйымдастырылды, жеңімпаз ойыншылар медаль мадақтама қағазымен марапатталды. Үздік ойын көрсеткен оқушыларға марапат табысталды. Атап айтсақ Адаспаева Аяна
Тоғызқұмалақ үйірмесі жылда өз нәтижесін көрсетіп, мектеп лигасында жылда жоғары көрсеткішпен көзге түсуде.

Теннис үйірмесі бойынша мектепшілік жарыстар өткізілді.



Актай Кайрат-6в 3место; Аманбек Абдурахим 2место; Марат Нурислам-7в 1место

14 қараша күнгі өткен жарыста жүлде алған оқушылар.

Алина -9б; Амантай Алинур-9Ә; Қайыржан Айтиуар-9Ә.



Мектеп командасындағы оқушылар: Өмирбек Ибрахим 8сынып; Рысбек Аяна 8сынып; Мансур 8сынып.

20.02.2026 1 ракетка-Омирбек Ибрахим, 2 ракетка-Кайрат Актай, 3 ракетка-Жанат Аяулым. Теннисисты заняли почетное общекомандное 3-е место.



2025–2026 оқу жылында 2–4 сынып оқушылары арасында “I Can Speak in English” атты ағылшын тілі үйірмесі жүргізілді. Тлеу Абдолкарим (4 «З»), Ербосын Заңғар (4 «Г»), Болат Ерасыл (4 «Г»), Есимова Камила (4 «З»), Болат Айлана (3 «Г»), Асан Айзере (3 «Г»), Дүйсенбекова Іңкәр (3 «Г»), Абдумаликова Асема (2 «Ә»), Абдумаликов Алдияр (2 «Ә»), Рахманберді Алинур (2 «А»).

Үйірме бағдарламасы 34 сағатқа жоспарланып, оқу жылы бойы жүйелі түрде өткізілді. Сабақ барысында оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріліп, ойын

технологиялары, әндер, сергіту сәттері, диалогтар, рөлдік ойындар, жұптық және топтық жұмыстар қолданылды.

Оқушылар “Greetings and Introductions”, “Family and Friends”, “Animals”, “Food and Drinks”, “School and Classroom”, “Weather and Seasons”, “My Abilities” сияқты тақырыптар бойынша жаңа сөздер үйреніп, оларды сөйлеу барысында қолдануға машықтанды. Сабақтарда оқушылар ойындар ойнап, түрлі тапсырмалар орындады. Оқыды, жазды және ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларын дамытты.

Үйірме барысында “Toy shop”, “At the café”, “Talent show” сияқты рөлдік ойындар ұйымдастырылып, оқушылар өзара ағылшын тілінде сөйлесуге талпынды. Сонымен қатар ән айту, сурет салу, постер қорғау, шағын жобалар дайындау жұмыстары арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттері дамытылды.

Оқу жылының соңында оқушылар өздері туралы шағын таныстырылым жасап, “About me” жобаларын қорғады. Көптеген оқушылар қарапайым сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын қысқа сөйлемдер арқылы жеткізе алды.





«Асық ату» жаттығулары жүйелі түрде жүргізілді.

7 қазан күні мектепшілік «Асық ату» жарысы өткізілді.

Жеңімпаздар марапатталып, сертификаттар табысталды.

Жыл бойындағы жетістіктер:

Диплом «қалалық білім беру ұйымдарының мұғалімдер арасындағы Асық ату ұлттық спорттық сайысында жүлделі І-орын.»

Грамота «Қосшы қаласы бойынша жалпы білім беретін мектептерінің 5-6 сынып оқушылары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» бойынша қалалық спартакиадасында Асық ату бойынша жүлделі ІІ орын алғаны үшін Р.Қошқарбай атындағы №1 ЖОББМ оқушысы Сайдұлла Оразкелді.»

Грамота «Қосшы қаласы бойынша жалпы білім беретін мектептерінің 5-6 сынып оқушылары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» бойынша қалалық спартакиадасында Асық ату бойынша жүлделі ІІ орын алғаны үшін Р.Қошқарбай атындағы №1 ЖОББМ 6 А сынып оқушысы Ерланұлы Ералы.»

Грамота «Қосшы қаласы бойынша жалпы білім беретін мектептерінің 5-6 сынып оқушылары арасында «Ұлттық мектеп лигасы» бойынша қалалық спартакиадасында

Асық ату бойынша жүлделі ІІ орын алғаны үшін Р.Қошқарбай атындағы №1 ЖОББМ 6 Г сынып оқушысы Өмірбек Абдурахим.»



Грамота «Қосшы қаласы бойынша жалпы білім беретін мектептерінің 9-11 сынып оқушылары арасында қалалық жарыста « Асық ату» бойынша жүлделі ІІ орын алғаны үшін Р.Қошқарбай атындағы №1 ЖОББМ 10 сынып оқушылары марапатталды.»

Грамота «Қосшы қаласы бойынша жалпы білім беретін мектептерінің 5-6 сынып оқушылары арасында қалалық жарыста « Асық ату» бойынша жүлделі ІІ орын алғаны үшін Р.Қошқарбай атындағы №1 ЖОББМ 5 сынып оқушылары марапатталды.»





Волейбол үйірмесі барлық техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, жүргізіледі. Жаттығу кезінде допты жоғардан бекіту, томеннен қабылдау арқылы ойын тәртібі сақталады.



Қала мектептер арасында 6-7 сынып оқушылары арасында « Волейбол » ойынның қалалық жарысы ұйымдастырылды.



« Тайтөбе » КММ спорт залында волейбол қалалық 6- мектеп арасында жарыс өтті.

Жақсы тартысты ойын болды, оқушылар ойында өздерінің барын салып ойындарын көрсетті. Орын алған командаларға мақтау қағаздармен және медальдармен марапатталды.

Біздің мектеп оқушылары 3 - орынға ие болды.

Қосшы қаласы “Алаң” спорт кешенінде.

Қыздар арасында өткен жарыста жүлделі 2- орынға ие болды.



Қалалық қыздар арасында 5-6 сыныптар арасында жарыс өтті.

Қатысқан командалар:

№1 ЖОББМ

І Т мектебі

№3 ЖОББМ

Тайтөбе




2- орынға ие болды

Астана қаласы «Экстрим клубы» ұйымдастырған республикалық жарысқа мектебіміздің қыздар командасы қатысты.




Адаспаева Аяна ҮЗДІК ойыншы наминациясына ие болды.
Хор — көп дауысты, ұйымдасқан ән айту ұжымы.



Жыл бойы мектебімізде төмендегі шығармалар үйретіліп, орындалды:

- «Ақ кептерлер» — Н.Тілендиев
- «Ананың тілі, аяулы үні» — Ә.Тінәлиев
- «Ұлы Отан»
- «Ардақты Қызылордам»
- «Аруана»
- «Үшқоңыр» — А.Қоразбаев
- «Қазағымның қасиетті ақ үйі» — М.Күзембаев
- «Мектебім»
- «Мектеп вальсі» — И.Нүсіпбаев



Үйірме мүшелері мектепішілік іс-шараларға белсенді қатысып, патриоттық, туған жерге деген сүйіспеншілік және анаға құрмет тақырыбындағы әндерді жоғары деңгейде орындады. Оқушылардың сахнада өзін ұстауы, бір-бірімен үйлесімді орындауы және музыканы сезіну қабілеттері айтарлықтай дамыды.

Жалпы II жарты жылдықтағы хор үйірмесінің жұмысы жоспарға сәйкес орындалып, қойылған мақсаттар мен міндеттер толық жүзеге асырылды.

Мектепішілік «Заң мен тәртіп» пікірталасы

2026 жылдың 02 ақпан күні мектеп қабырғасында «Заң мен тәртіп» тақырыбында мектепішілік екі тілде пікірсайыс турнирі ұйымдастырылып өткізілді. Аталған іс-шараның мақсаты – оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, өз ойын еркін әрі сауатты жеткізу қабілетін дамыту, сыни ойлау мен шешендік өнерге баулу болды.

Пікірталас барысында қатысушылар заңның қоғамдағы рөлі, тәртіптің маңызы, жастар арасындағы құқықтық мәдениет және жауапкершілік мәселелері бойынша өз ойларын ортаға салды. Турнир қазақ және орыс тілдерінде өткізіліп, оқушылар екі тілде де жоғары дайындық пен белсенділік танытты.

Қатысушылар ұшқыр ойымен, нақты дәлелдерімен және тиянақты тұжырымдарымен ерекшеленіп, көрермендер мен қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды.

Пікірсайыс өте тартысты әрі мазмұнды өтіп, оқушылардың интеллектуалдық деңгейін, шешендік қабілетін және құқықтық білімін дамытуға үлкен ықпал етті.

Нәтижесінде үздік өнер көрсеткен қатысушылар жүлделі орындарға ие болып, арнайы марапатталды. Іс-шара оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастырып қана қоймай, олардың қоғамдық белсенділігін арттыруға да зор мүмкіндік берді.



«Егемендігім – Елдігім» қалалық пікірсайыс

2026 жылдың 31 қаңтар күні Қосшы қаласындағы DARA мектебі базасында Қосшы қаласының жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында «Егемендігім – Елдігім» атты қалалық пікірсайыс турнирі жоғары деңгейде ұйымдастырылып өткізілді. Турнирдің мақсаты – жастардың шешендік қабілетін арттыру, сыни ойлау мәдениетін дамыту, патриоттық рухты нығайту және қоғамдық мәселелерге белсенді көзқарас қалыптастыру болды.

Турнир барысында қатысушылар тәуелсіздік, ұлттық құндылықтар, ел болашағы мен жастардың қоғамдағы рөлі жөнінде мазмұнды пікір алмасып, өз ойларын нақты дәлелдер арқылы жеткізе білді. Қатысушы командалар жоғары дайындық деңгейін көрсетіп, интеллектуалдық сайыста ерекше белсенділік танытты.

Нәтижесінде «Ой ордасы №1» фракциясының мүшелері Бақытжан Аяру, Керімәлі Айдана, Жамбылбай Айзере жүлделі ІІІ орынды иеленіп, ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. Диплом №144, №143, №142 болып табысталды.

Нәтижесінде «Джуз» фракциясының мүшелері Зекен Медина, Мусаинова Зере, Жакупов Амир жүлделі ІІІ орынды иеленіп, ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. Дипломдар №152, №151, №150 болып табысталды.

Аталған жетістік оқушылардың білімге деген құштарлығын, шешендік өнерге қызығушылығын және қоғамдық мәселелерге бейжай қарамайтын белсенді азамат екенін көрсетті.

Турнир соңында үздік қатысушылар марапатталып, ұйымдастырушылар тарапынан алғыс білдірілді. Осындай тағылымы мол шараны ұйымдастырған DARA мектебі ұжымына және қатысушы оқушыларға зор алғыс білдіреміз. «Егемендігім – Елдігім» турнирі жастардың елге деген сүйіспеншілігін арттырып, олардың рухани әрі зияткерлік дамуына үлкен үлес қосты.





«Бірліктің жерұйығы болған – Қазақстан» пікірсайыс турнирі

2026 жылдың 25 сәуір күні Қосшы қаласындағы Қосшы қаласы №3 мектеп-лицейі ұйымдастыруымен 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне орай «Бірліктің жерұйығы болған – Қазақстан» тақырыбында Қосшы қаласы бойынша жалпы орта білім беру мектептері арасында пікірсайыс турнирі өткізілді.

Турнирдің негізгі мақсаты – жастар арасында достық пен ынтымақтастықты нығайту, патриоттық құндылықтарды дәріптеу, оқушылардың шешендік қабілеттері мен сыни ойлау дағдыларын дамыту болды. Пікірсайыс барысында қатысушылар ел бірлігі, татулық, ұлттық келісім және Қазақстан халқының ынтымағы туралы өзекті тақырыптарды талқылап, мазмұнды ой-пікірлерін ортаға салды.

Аталған турнирге мектеп оқушыларынан құралған команда қатысып, өздерінің жоғары дайындығы мен белсенділігін көрсетті. Команда құрамында Зекен Медина, Накупова Зере, Тлеубек Ажар өнер көрсетіп, пікірсайыс барысында терең білімдерімен, шешендік қабілеттерімен және ұтымды ойларымен ерекшеленді. Қатысушылар өз көзқарастарын еркін жеткізіп, нақты дәлелдер мен мазмұнды пікірлер арқылы көрермендер мен қазылар алқасының ықыласына бөленді.

Турнир барысында оқушылар ұйымшылдық пен тапқырлық танытып, мәдениетті түрде пікір алмасудың үлгісін көрсетті. Жас дебатерлердің сөйлеу мәдениеті, сыни ойлау қабілеті және сахнадағы сенімділігі жоғары бағаланды.

Нәтижесінде команда турнирге белсенді қатысқаны үшін алғыс хатпен марапатталды. Бұл жетістік оқушылардың білімге деген құштарлығы мен шығармашылық ізденісінің жемісі болды. Осындай зияткерлік сайыстар жас ұрпақтың ой-өрісін кеңейтіп, көшбасшылық қасиеттерін дамытуға, елжандылық пен татулық құндылықтарын дәріптеуге зор мүмкіндік береді.

Команда жетекшісі – дебат жетекшісі Алтенова Жанерке Тлеубаевна. Оқушыларға осындай тағылымы мол алаң ұйымдастырып, олардың қабілеттерін шыңдауға мүмкіндік берген Қосшы қаласының №3 мектеп-лицейі ұжымына ерекше алғыс білдіреміз.

Аталған турнирге «Ой ордасы» тобы қатысып, жоғары белсенділік танытты. Топ құрамында Керімәлі Айдана, Бақытжан Аяру, Жұмабек Айсұлу, Жамбылбай Айсере өнер көрсетті. Қатысушылардың білімділігі, сөз мәдениеті мен дәлелді пікірлері қазылар алқасы тарапынан жоғары бағаланды.

Нәтижесінде турнирге белсенді қатысқаны үшін «Ой ордасы» тобы алғыс хатпен марапатталды. Керімәлі Айданаға №972 алғыс хат табысталды. Топ жетекшісі – Алтенова Толғанай. Осындай тәрбиелік маңызы зор шараны ұйымдастырған Қосшы қаласы №3 мектеп-лицейі ұжымына алғыс білдіреміз. Турнир оқушылардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға, ел бірлігі мен татулық құндылықтарын насихаттауға үлкен үлес қосты.







«Білімім – Отаныма!» тақырыбындағы сынып сағатын ұйымдастыру және оқу жылын аяқтау іс-шараларын өткізу туралы тұжырымдама келді. Осы тұжырымдама оқу жылының қорытынды іс-шараларын өткізудің мазмұны мен тәртібін айқындады. 2025-2026 оқу жылы 2026 жылғы 25 мамырда аяқталды. Оқу жылының аяқталуына орай «Білімім – Отаныма!» атты республикалық сынып сағаты өткізілді. Сынып сағатында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарына басымдық берілді. Мақсаты: өскелең ұрпақты патриотизм, бірлік пен татулық, жалпыұлттық құндылықтар рухында тәрбиелеу, сонымен бірге Халықтық

Конституцияның маңыздылығын насихаттау, заң мен тәртіпті нығайту. Білім алушылар мектеп өміріндегі маңызды сәттерді әлеуметтік желілерде мына хештегтер арқылы жарияланды #Мектебім_жүрегімде, #Балалықтан_болашаққа,#Балалық_белестері



